

Тексерілді»
Әдіскер: _____

ЦИКЛОГРАММА
I апта (03.05.2022 – 06.05.2022ж.)
«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»
Тақырыпша: «Достық-біздің тірегіміз».

Күн тәртібі	Сейсенбі 03.05.2022	Сәрсенбі 04.05.2022	Бейсенбі 05.05.2022	Жұма 06.05.2022
Балаларды қабылдау Ата - аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.			
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №4 Құрлымдалған ойын: «Экологиялық бағдаршам» Мақсаты: Балалар мақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы табиғат туралы түсінеді. <i>4K моделі, бала үні.</i>	Картотека № 7 Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау дағдыларын түсінеді.	Картотека № 9 Құрлымдалған ойын: «Құстарға көмек береміз» Мақсаты: Балалар құстар туралы суреттермен жұмыс жасап, өз ойларын айта алады.	Картотека № 10 Құрлымдалған ойын: «Бақша да ма, бау да ма?» Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы олардың айырмашылық-тарын айта алады.
	ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН Картотека қосымша тігілген			
Таңертеңгі гимнастика	Мамыр айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.			
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ойын- жаттығу: Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"			

	Рахмет айтуға тәрбиелеу			
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз!			
Мектепке дейінгі ұй- ым кестесі бойынша ұйымдастыр ылған оқу қызмет-тері	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз». Мақсаты: Балалар топтағы балалармен, ауладағы балалармен дос болуды түсінеді, өз ойын айта алады. Ресурстар: АҚТ технологиясы, Білмеспек суреті, дос туралы суреттер, доп. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері Армысың шұғылалы нұрлы күн! Армысың мейірімді жер – ана! Сәлеметсіздер ме қонақтар. Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз тату – тәтті болайық! Бала үні, сыни ойлау Тосын сәт. АҚТ техноло- гиясымен жұмыс. Білмеспек шығады.. Менімен ешкім сөйлеспейді, ойнамайды, ешкім дос болмайды. (Білмесбек жылайды). Сұрақтар ілмегі. Балалар қалай ойлайсыңдар. – Білмесбекпен неге ешкім дос	1. Математика негіздері Тақырыбы: Геометриялық ұғымдар. Мақсаты. Балалар геометриялық ұғымдар туралы түсінеді Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер АКТ технологиясы Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. Көңілді шеңбері. Қолды көкке созайық, Азайтайық, қосайық. Пішіндердің сарайын, Кәне бірге ашайық. II.Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын:«Пішіндер сөйлейді» -Төртбұрышпын, төртбұрышпын. Төрт қабырғасы бар бұрышпын, Қай жағынан қарасаңда, Төрт қабырғам тең бұрышпын. Үшбұрышпын, үшбұрышпын, Үш қабырғам бар бұрышпын, Төртбұрыштан аз болсам да, Орны бөлек үшбұрышпын. - Домалақпын, домалақпын, Дөңгелек боп домаладым. Ай сияқты, күн сияқты Шар сияқты домалақпын. 2.1 Топқа бөлу.	1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз». Мақсаты: Бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсінеді. Ресурстар: АҚТ технологиясы, Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. <i>Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»</i> Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. II.Қызығушылықты ояту. Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап Саяхатқа немен шыққан ұнайды? Автобус пен поездың айырмашылығы неде? Автобуспен саяхатты таңдау Сыни ойлау, коммуникатив дағды. 1. «Достық аялдмасы» -Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма? -Неліктен дос керек деп	1. Сурет салу Тақырыбы: «Достық гүлі». Мақсаты: Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіне отырып, щеткамен шашырату әдісі арқылы гүлді бейнелейді. Ресурстар: Дидактикалық материалдар. Әдіс- тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. <i>Табиғат ана.</i> <i>Н. Жанаев</i> Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. II.Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «»Кім жылдам? Жұмбақ жасыру. Суықта солмайды, Аязда тоңбайды. (жасанды гүл) Көркіне көрік, Жазға серік. Не? (гүл) Сыни ойлау, коммуникатив дағды. 1. Ой дамыту <i>-Гүл туралы түсінік беру.</i>

	болмайды? - Сендердің достарың бар ма? – Достық дегенді қалай түсінесіңдер? -Достар қандай болу керек? Балалар байқадыңдар ма Білмеспек амандасты ма сендермен? Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, коммуникатив дағды, жаппай бақылау. Пед жет ойын: «Сәлемдесу» Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, сәлемдесу рәсімін көрсетеді. Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Балалар мына тақтадағы суреттерге қарандаршы? Қәне балаларға ат қояйық. Балалар суретке қарап достық туралы әңгімелеп береді. Сыни ойлау, коммуникатив дағды, Блум таксономиясы. Құрлымдалған ойын: «Достаым» Білмесбек балаларға достық туралы енді түсіндім, мен достарыммен жақсы тұруым керек екен, оларға көмектесуім керек, оларды мазақ қылмауым керек. Рақмет сендерге балалар. Сау болыңдар. Сергіту сәті. Досым, досым жан досым, Неге сонша шаршадың. Кане ұста қолымнан, Секір, секір, секірші, Бір сергіп аларсың!	А) Төртбұрыш тобына тапсырма Құрлымдалған ойын: «Ойыншықтардың үйін табу» Шарты: - Мына жерде биік және аласа үй бар. Ойыншықтарды көлеміне қарай, биік үйшікке үлкен ойыншықтарды, аласа үйшікке кішкентай ойыншықтарды апарып қою керек. Ә)Үшбұрыштар тобына Пед жет ойын: «Жол картасын бейнеле». Шарты: Ағаш, тау, күн, бұлт, тас, көл, гүлдер т.б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша қою. Сергіту сәті. Б) Дөңгелектер тобы. 4. Геометриялық пішіндермен жұмыс. Пед жет ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Таяқшалармен құрастыру жұмысы Шырша, көзілдірік, үй, қайық. 4К моделі, өнім арқылы саралау, жаппай бақылау. ІІІ. Сылдырмақ үні. Шеңбер Миға шабуыл. Логикалық есептер. -Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін неше торғай керек? -Дөңгелекте неше бұрыш бар? -Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма, Неше торғай жетпейді? - Үй қандай пішіндерден тұрады?	ойлайсыңдар? - Біз білетін достық ережесі қандай еді? - жолдастарыңа көмектес. -қолыңнан келген істі өзгеге үйрет. Пед жет ойын: «Достық сөздерін ата» Шарты: достары туралы жақсы сөздер айту. Сыни ойлау, коммуникатив дағды. 2. «Отбасы аялдамасы» - Балалар отбасы деген не? - Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/ -Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек. Құрлымдалған ойын: «Отбасы мүшелері» Шарты: Отбасы мүшелерін сызықпен қосу Сыни ойлау, креативтілік дағды. 3. «Бақыт аялдамасы». Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Яғни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Біз бақытты баламыз 4К моделі, бала үні, Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, жаппай бақылау. Қортынды	-Сұрақ – жауап . – Гүл нешеге бөлінеді? -Гүл өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу, су,ауа. Үдеріс арқылы саралау, бала үні, сыни ойлау. 2. Ой қозғау Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс –тәсілдерін түсіндіру, көрсету Пед жет ойын: «Қандай түс» Шарты: сурет салуға түс таңдау. 3. Өз бетінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу Жанама бақылау, креативтілік, сыни ойлау. Саусақ жаттығуы: «Дос болайық» Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Балалардың жұмысына бағалау. Рефлексия 3 шапалақ әдісі 2. Дене шынықтыру Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша.
--	--	--	--	---

	Ыстық орындық әдісі. Бір бала орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды. – Сенің досың кім? – Сен кіммен дос болғың келеді? Сыни ойлау, мазмұн арқылы саралу, жаппай бақылау. Қорытынды. Пед жет ойын: «Көңілді доп» сұрақтарды қоя отырып оқу қызметін қорытындылау. <i>Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды жұлдызшамен мадақтау, мақтау.</i> 2. Музыка Педагог жоспары бойынша 3. Дене шынықтыру. Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша.	Құрт қандай пішіндерден тұрады? - Машина қандай пішіндерден тұрады? Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды, тікелей бақылау. <i>Балаларды мадақтау. Смайлктер</i> 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз» Мақсаты: Тақырыпқа сәйкес өлеңді эмоционалды түрде жатқа айта алады. Ресурстар: Таратпа материалдар. АҚТ технологиясы. Әдіс- тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы. I. Көңілді шеңбер. «Балдырған баламыз» Е.Өтетілеуов Балдырған баламыз, Досты көп табамыз Қашан да, қайда да Сенімді баламыз I.I. Ой дамыту. «Достық неден басталады, достыққа не жараасады?» Достар қандай болу керек? Мейрімді, ақылды, қамқор, бірлікте. Бала үні, сыни ойлау. Ендеше соны іспен көрсетейік I.2. Қызығушылықты ояту. Балаларды топқа бөлу, дамытушы ойындар. Достық үйін құрастыру. 1-топ. Құрлымдалған ойын: «Мейрімділік үйі» Сипаттама беру. Әр бала айту. Біздің	<i>Аспан тұрса күлімдеп, Ақса бұлақ гүрілдеп, Болса Отаны аман-сау. Балаларға сол бақыт. Балаларды мадақтау</i> 2. Жапсыру Тақырыбы: «Достық үйі». Мақсаты: Үй құрлысы туралы түсінеді. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана отырып, берілген тапсырманы орындай алады. Ресурстар: дидактикалық материалдар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Оқу қызметінің барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері. Миға шабул Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ Ырылдайды, үреді, Үй маңында жүреді. Иесін ол біледі, Бөтен біреу келсе егер, Үріп белгі береді Тақтаға күшік суретін ілу Күшік туралы әңгімелесу. Тосын сәт. Күшік келеді. сендерден көмек сұрау үшін келіпті. күшіктің тұратын үйі жоқ екен. Не істейміз? Көмектесіп, үйшік салып береміз бе?	3. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің қанатты-достарым». Мақсаты: Балалар табиғаттағы құстарды аялап, баптап күте білуге үйренеді. Ресурстар: Құстардың суреті. АҚТ технол, дидактикалық материалдар. Әдіс- тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. I. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер Күн болып шығамыз Гүл болып өсеміз Құстар болып ұшамыз Көбелек болып қонамыз II. Миға шабул Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Ұшқаны қызық жалпылдап Өзі сондай қарқылдақ (<i>Қарға</i>) Тал басында ағаш үй, Терезесіз тамаша үй. Соны мекен етеді, Кім оны тауып береді? (<i>Торғай</i>) Бұл құстар қайда жүреді? Коммуникатив дағды, сыни ойлау. III. Ой дамыту. АҚТ технология <i>Құстар туралы түсінік беру.</i> -Тағы қандай құстарды білесіңдер? -Атау.
--	--	--	--	--

		үйіміз мейрімділік үйі деп аталады. Біз бір-бірімізге мейрімдіміз. Біз достарымызды қиындыққа тастамаймыз Мейрімділік үйі көңілді болады. Дос деп ең жақын адамды айтамыз. Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды, өнім арқылы саралау, 2 –топ. Құрлымдалған ойын: «Ақылдылар үйі» Блоктар арқылы үй құрастыру. Біз ақылды балалармыз Бір –бірімізді ренжітпейміз Бәрін ақылмен жасаймыз Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық Бала үні, сыни ойлау, креативтілік. 3 – топ. Құрлымдалған ойын: «Қамқоршылар үйі». Таяқшамен үй жасау. Сипаттама. Біз қамқор балалармыз. Достарымызға көмектесуге дайынбыз. Достарымызбен барлығын бөлісеміз Достарымызға жақсылық жасаймыз Бала үні, сыни ойлау, креативтілік, жанама бақылау. 4 – топ. Құрлымдалған ойын: «Бірлік үй» «Пазл» арқылы үй құрастыру Біз бір-бірімізді тыңдаймыз Біздер ренжісуді білмейміз Біз ештеңе қызғанбаймыз Достарымызды сыйлаймыз	Ал,сендер қандай үйде тұрасындар? АКТ технологиясы. Слайд .Үйлер. Үдеріс арқылы саралау, бала үні, сыни ойлау. Үйшік жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.. Қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Мазмұн арқылы саралау, бала үні. Сертігіу сәті. Иіліп оңға бір, Иіліп солға бір. Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап. Балалар жұмыстарын жалғастырады. Жеке көмек. Жанама бақылау. Күшік балалардың жасаған үйлеріне қуанып,қоштасады. <i>Қорытынды.Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.</i> <i>Бала үні.</i> <i>Балаларды мадақтау</i>	-Бұлар қандай құстар? -Неліктен дала құстары дейміз? - Құстардың бізге қандай пайдасы бар. - Ағаштар не үшін керек? Балалар: - таза ауа шығарады. Үдеріс арқылы саралау, бала үні, сыни ойлау. Тыныс алу жаттығуы. - Таза ауамен дем алу. IV. Ой қозғау Мнемотехника тәсілі Құстарды сипаттау. -Дене бөліктері -тіршілігі, қоректенуі, қозғалысын сипаттау. Бала үні, жанама бақылау, Өнім арқылы саралау. Сертігіу сәті: Құстар болып ұшамыз. / Қанат жайып ұшу/ Құстарға жем шашамыз / Саусақтармен жем себелеу/ Құстарға ұқсап жем жейміз / Бастарын жоғары –төмен көтеру / Құстарға ұқсап су ішеміз / Басты шалқайта көтеру/ Құстар болып ұшамыз / Қолды жайып ұшу/ V. Тақпақ жаттау. Торғай Шыр – шыр еткен торғайды, Қорғамасақ болмайды. Кіп – кішкене торғайлар, Ағаштарды қорғайды.
--	--	--	--	--

		Бала үні, сыни ойлау, креативтілік, мазмұн арқылы саралау. II. Ой қозғау. Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру Балалар достық әлемінде қандай құнды қасиеттермен таныстық? - Дос көмекші, дос қамқоршы - Достық адамдар арасында болады. <i>Бала үні.</i> Бекіту кезеңі: М. Жаманбалинов Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Міне, тұрмыз жараса. <i>Коммуникатив дағды.</i> <i>Балаларды мадақтау</i> 3. Дене шынықтыру. Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша.		<i>Бала үні. Қортынды.</i> Құстар туралы тиым сөздер Құсқа тас лақтырма. Құстардың жұмыртқасын жарма. Құстың ұясын бұзба, Қарғысқа қаларсың. Бала үні, блум таксономиясы. Қортынды Викториналық сұрақтар: Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың . <i>(Өтеп)</i> Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? <i>(Қарлығаш)</i> Қай құс өзінің атын қайталайды? <i>(Көкек)</i> Қандай құс хат тасушы атанған? <i>(Көгершін)</i> Қай құста мүлде ұя болмайды? <i>(Көкек)</i> Құстың негізгі мекені? <i>(Ұя)</i> 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. <i>Балаларды мадақтау.</i>
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу			
Серуен:	Картотека № 2 Бақылау: Күнді бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 3 Бақылау: Желді бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 4 Бақылау: Аспанды бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 5 Бақылау: Бұлтты бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
	Көктем мезгілінің серуен картотекасынан. Картотека қосымша тігілген.			
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз,			

	Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.			
Түскі ас	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"			
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№5 Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№3 Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№6 Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№8 Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)			
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Вариативтік компонент «Бәрін білгім келеді». (Мнемотехника тәсілі бойынша) Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз» Мақсаты: Бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетанымын, ой-өрісін дамыту. <i>Жеке жұмыс:</i> «Құлыпты аш» Мақсаты: логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады. (Медина К, Асылай)	Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Не артық» Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып, не артық екенін айтады. 4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау. <i>Жеке жұмыс:</i> «Топтастыр» Мақсаты: Балалар әртүрлі суреттерді ортақ атауына қарай топтастыруға дағдыланады. (Димаш, Мадияр)	Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Бау да ма, бақшада ма?» Мақсаты: Балалар көкөністер мен жемістер туралы түсінеді. Күтілетін нәтиже: Көкөністер мен жемістердің атауларын атап, оларды ажырата біледі. 4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау. <i>Жеке жұмыс:</i> «Артығын тап!» Шарты: Балаларға суреттер таратылады. Суретке қарап, ненің артық екенін ажыратып табады. (Расул, Алдияр А.)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы және қалай дыбыстайтындығы туралы түсіндіктері қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Балалар жануарлардың дыбысын танып, атауларын атай біледі. 4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау. <i>Жеке жұмыс:</i> «Ғажайып дорба» Шарты: Балалар ғажайып дорбадағы ойыншықтарды

				тауып, әңгімелеп береді. (Аружан, Жанерке)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.			
Серуен	Картотека № 2 Бақылау: Күнді бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 3 Бақылау: Желді бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 4 Бақылау: Аспанды бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 5 Бақылау: Бұлтты бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ			
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Бірге істейік «Ойыншықтарды жинастыру». Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.			

Тексерілді»
Өдіскер: _____

ЦИКЛОГРАММА
II апта (11.05.2022 – 13.05.2022ж.)
«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»
Тақырыпша. «Отан қорғаушылыр»

Күн тәртібі	Сәрсенбі 11.05.2022	Бейсенбі 12.05.2022	Жұма 13.05.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.		
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 16 Құрлымдалған ойын: «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарларын олардың дене мүшелерін атау, суреттен өз төлдерін тауып қоя біледі. <i>4К моделі, бала үні</i>	Картотека № 17 Құрлымдалған ойын: «Менің сүйікті ертегім» Мақсаты: ертегі кейіпкерлері атап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады. <i>4К моделі, бала үні</i>	Картотека № 18 Құрлымдалған ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді. <i>4К моделі, бала үні</i>
	Қатынас саласы дидактикалық ойындар картотекасынан (картотека қосымша тігілген)		
Таңертеңгі гимнастика	Мамыр айының 2 -аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу қосымша тіркелген Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.		
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Өдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз Ойын- жаттығу Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым,		

	Таза бетің, маңдайың.		
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1. Математика негіздері Тақырыбы: Логикалық тізбек ойыны Мақсаты: Балалар қатарлардың құрылу заңдылығын және берілген тапсырмаларды орындай алады. Ресурстар: АҚТ технологиясы, дидак материалдар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны көктем ханшайымы жіберген . 1-тапсырма. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» 1. Үйге кіргенде не ашылады... 2. Бәйшешек қай мезгілде гүлдейді... 3. Ұйықтаған кезде не көреміз... 4. Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды... 5. Қандай тас өзенде болмайды... 6. Жабық көзбен не көруге болады. Сыни ойлау, командада жұмыс 2 тапсырма. Пед жет ойын: «Апта күндерін ата». -Бір аптада неше күн бар? -Атап беріндерші.	1. Жаратылыстану Сөйлеуді дамыту (қосымша) Тақырыбы: «Менің Қазақстаным». Тақырыбы: Біз Отанның сарбазы. Мақсаты: Балалар Отан, Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы жалпы мағлұматты түсінеді. 2. Отан қорғау туралы түсініктерді меңгереді. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер, доп, әр елдің туы Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, ширату әдісі, бақылау. Топтастыру әдісі. Заряд алу әдісі. Бақылау. 4К моделі. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. Арайлап таң атты Алтын шуақ таратты Қайырлы таң балалар Миға шабул әдісі. Доп лақтыру арқылы сұрақ қою. -Балалар біздер қандай Республикада тұрамыз? -Отан деген не? -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Сенің Отаның қалай аталады? -Отанды қорғау деген не? -«Бейбітшілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Ал «батыр» деген сөзді ше? -Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек? Педагог түсінік беру	1. Сурет салу Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдықжұмыс) Мақсаты: Алақанмен сурет салу қабілеті арқылы, күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуға үйренеді. Ресурстар: Тақырып бойынша сурет. Әдіс-тәсілі: 4К командада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. ҰОҚ жүргізу барысы Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Сыни ойлау. коммуникатив дағды. Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс. -Күн туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . - Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу, су, ауа. –Олар жылуды қайдан алады. –Күннің шуағы деген не? Күн – бүкіл жер шарына, әлемге жарық, жылу беретін табиғат сыйы. Күнсіз адам тіршілік етуі мүмкін емес. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау.

Балабақшаға неше күн барамыз? Неше күн демаламыз? Сыни ойлау, командада жұмыс Сергіту сәті. Ал, балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға,оңға түзу тұр! Солға,солға түзу тұр! Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. 3 тапсырма. Миға шабул Құрлымдалған ойын: «Логикалық тізбек ойыны» Шарты: 2 қызыл шеңбер 2 жасыл үшбұрыш қойылған, бала арман қарай ойланып тізбекті жалғастыру керек яғни ол 2 қызыл шеңбер мен,2 жасыл үшбұрыш қойып жалғау керек. Болмаса 3 жеміс суретін ,1 машина суретін қоямын, бала жалғасын табу керек Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, жаппай бақылау. Қорытынды. Балалар көктем ханшайымының тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.Жарайсыңдар! Көктем ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен. Балаларға сыйлықты беріп мадақтау. 2. Орыс тілі Педагог маманның жоспары бойынша 3. Дене шынықтыру. Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары	Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы Құрлымдалған қимылды ойын: “Біз сарбазбыз” Шарты: Балар үш шеңберге жасап тұрады.Әр шеңбер өз тапсырмасын алады. Бірінші шеңбер: “Ұшқыштар” Екінші шеңбер: «Атты жауынгерлер» Үшінші шеңбер: “Жаяу әскерлер” Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де “Ұшқыштар ұшады” .Басқалары қарап тұрады. Музыка ойнағанда “Жаяу әскерлер” адымдайды, келесі музыкада “Атты жауынгерлер” шабады, олар ат шабысын салады. Креативтілік дағды, командада жұмыссыни ойлау, жаппай бақылау. Ширату әдісі Отан туралы өлең оқу. Отан. Ж Әбдірашев. «Отан - атам, Отан - әкем!» Осы сөзім қате мекен?! Қате болса,Неге біздер Дейміз оны «Атамекен?!» «Отан - әжем, Отан – анам!» Туған жер! деп, Ол бекерге аталмаған..... Атам, әжем, әкем, анам Төртеуі де «Отан!» маған Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру. Мазмұн арқылы саралау, Кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, Сергіту сәті .(Заряд алу әдісі) Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Жоғары-төмен қарайық. Бойымызға күш жинап,	Көрсету және түсіндіру. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Оқу ортасы арқылы саралау. Үлкен ,кіші күн арқылы топқа бөлу. Пед жет ойын: «Қандай түс» 1-үлкен күн тобы бояумен сурет салады. 2-кіші күн тобы алақанмен сурет салады. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креатив-тілік ,жанама бақылау. Сергіту сәті. Біз кішкентай баламыз, (қолдарымен өзін көрсетеді) Өсіп - өніп, толамыз. (қолдарын екі жаққа созады) Күнге қарай талпынып, (алға бір қадам жасайды) Көкке қолды созамыз. (барлығы қолдарын жоғары қарай созады) Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Балалар салған суреттерін тақтаға әкеліп іледі. Суреттер талқыланып, балалар бір біріне баға беру. Қортынды.. Сұрақтар ілмегі. Балалар ненің суретін салдыңдар? Жұмыстарын бағалау 2. Дене шынықтыру. Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша. 3. Құрастыру Тақырыбы: Жүк машинасы.
---	---	---

	бойынша. .	Бір секіріп алайық, Секіріп-секіріп алайық, Орнымызды табайық. Құрлымдалған ойын: «Өз мемлекетінің туынды тап» Шарты: үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемле-кетінің туын табу керек жетелеуші сұрақтар, бала үні, Коммуникативтік дамыту. Балаларды мадақтау. Педагог жетекшілігімен ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта» -Бәйтерек орналасқан. -Менің Отаным..... -Мен Отанымды Қорытынды. Кері байланыс, бала үні Сұрақ жауап арқылы қорытынды жасау. Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау, мақтау. 2. Музыка Педагог жоспары бойынша 3. Дене шынықтыру. Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша.	Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсіне отырып, жүк машинасын құрастыра алады. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы I. Шаттық шеңбері. «Дос болайық бәріміз» Х.Талғаров. Қызығушылықты ояту. Пед жет ойын: «Ненің дауысы?» Шарты: бейне таспадан көліктердің дауысын ажырату. -Балалар бұл ненің дауысы? -Дұрыс айтасындар бұл машинаның дауысы бұл машинамен келген кім екен бәріміз есік жаққа қарайықшы. - Балалар, бізге қонаққа қонжық келіпті. -Кәне қонжықпен амандасайық. Ол бізден көмек сұрап тұр. Тәрбиеші қонжықтың дауысын салып сөйлейді: Балалар менің машинам жүрмей әрең келдім, маған машина құрастырып бересіңдер ма? Сыни ойлау, Блум таксономиясы. III. Ой қозғау. Тақтада суретпен жұмыс. Жеңіл машина және жүк машиналары туралы әңгімелесу. -Балалар мына екі машина туралы не айтуға болады? -Екеуінің қайсысы үлкен? Неліктен? -Иә дұрыс айтасындар. Жүк машинасының дөңгелектері көп. Ол жүк тасиды. Ал машинаны кім жүргізеді? Машина не үшін керек? Мазмұн арқылы саралау,
--	--------------------------	---	---

			Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау, Ендеше аюға жаңа жүк машина құрастырып берейік 4.Ой қозғау. Пед жет ойын: «Қандай пішін?» Шарты: Машинада қандай пішіндер барын атау. Құрлымдалған ойын: «Әдемі машина» Шарты: Пішіндермен құрастыру жұмысын жасаудың әдістерін түсіндіру. Сөздік жұмыс жүргізу. Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау. Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні. Аюға машинаны сыйлау. Қоштасу Қортынды Сонымен көліктер не үшін керек екен? Балаларды мадақтау.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.		
Серуен:	Картотека № 3 Бақылау: Желді бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека №14 Ағаштарға бақылау жасау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №19 Бұталарды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
	Көктем мезгілінің серуен картотекасынан		
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.		
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-		

	аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.		
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№3 1. Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	№4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.		
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Вариативтік компонент «Бәрін білгім келеді». (Мнемотехника тәсілі бойынша) Тақырыбы: «Орман дәрігері» ертегі Мақсаты: Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. <i>Жеке жұмыс</i> Үстел үсті театры: «Қасқыр мен түлкі» Мақсаты: тапқырлыққа тәрбиелеу, ертегінің соңын өз қиялдары бойынша аяқтау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. (Томирис, Алинур)	Музыка Педагог жоспары бойынша <i>Жеке жұмыс</i> «Көңілді кубиктер» Мақсаты: Кубиктерді пайдаланып, құрастыруға үйрету. (Өліхан, Салих)	Дидактикалық ойын: "Бұл не?". Мақсаты: Суретке қарап не зат екенін ажырата білу. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i> <i>Жеке жұмыс</i> <i>М. Монтеessori технологиясымен жұмыс.</i> Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу. (Матвей, Айша, Айбибі)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.		
Серуен	Картотека №9 Құстарды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №14 Ағаштарға бақылау жасау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №19 Бұталарды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ		
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Сәтті демалыс күндерін тілеп, балаларды шығарып салу.		

Тексерілді»
Әдіскер: _____

ЦИКЛОГРАММА
III апта (16.05.2022 – 20.05.2022ж.)
«Күншуақ» ортаңғы тобы.

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»
Тақырыпша. «Көңілді жаз».

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.05.2022	Сейсенбі 17.05.2022	Сәрсенбі 18.05.2022	Бейсенбі 19.05.2022	Жұма 20.05.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 11 Құрлымдалған ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 12 Құрлымдалған ойын: «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека №15 Пед жет ойын: «Әдептілік» Мақсаты: Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануды біледі. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 16 Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 17 Құрлымдалған ойын: «Өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата алады, үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін біледі. <i>4К моделі, бала үні.</i>
	ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген.				
Таңертеңгі гимнастика	Мамыр айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Таңғы ас	Ас құрамымен таныстыру. Ас құрамындағы дәрумендерді балаларға айтып түсіндіру. «Ас дәмді болсын!».				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін				

